

Екі жақ та ақпаратты ашады

ҚР-дың контрагент резиденті

**ҚЫЗМЕТТІК АҚПАРАТ ПЕН КОММЕРЦИЯЛЫҚ ҚҰПИЯНЫ ҚҰРАЙТЫН АҚПАРАТТЫ
ЖАРИЯЛАМАУ ТУРАЛЫ ШАРТ**

№

Астана қ.

«____»

_____ 20 ____ жыл

Қызметтік ақпарат пен коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты жарияламау туралы осы шарт (ары қарай – **«Шарт»**) бір тараптан Қазақстан Республикасының заңнамасына сай құрылған және әрекет ететін, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Алматы ауданы, Қ. Жалайыри көшесі, 2-үй мекенжайында орналасқан «КаР-Тел» ЖШС (ары қарай – **«КаР-Тел»**) атынан, 23.01.2017 жылғы №00053/17-Д1 сенімхат негізінде әрекет етуші Сатып алу және логистика қызметінің жетекшісі Абдуқалықов Әлімжан Қуатұлы мен екінші тараптан Қазақстан Республикасының заңнамасына сай құрылған және әрекет ететін, Қазақстан Республикасы, _____ қаласы, _____ көшесі, _____ үй _____ мекенжайында орналасқан «_____» (ары қарай – **«Компания»**) атынан _____ негізінде әрекет ететін _____ арасында жасалды. Осы Шарт мақсаттары үшін «КаР-Тел» және «Компания» бірге кездесе «Тараптар», ал жеке-жеке «Тарап» деп аталады. Мәтінге байланысты, **«Ашушы Тарап»**, немесе **«Алушы Тарап»** сөз тіркесі «КаР-Тел», сондай-ақ «Компания» дегенді білдіруі мүмкін. **ОСЫ АРҚЫЛЫ ТАРАПТАР, ҚЫЗМЕТТІК АҚПАРАТ ПЕН КОММЕРЦИЯЛЫҚ ҚҰПИЯНЫ ҚҰРАЙТЫН АҚПАРАТТЫ ЖАРИЯЛАМАУ ТУРАЛЫ ӨЗ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІН АНЫҚТАП АЛУ МАҚСАТЫНДА ТӨМЕНДЕГІ КЕЛІСІМДЕРГЕ КЕЛДІ:**

1. Тараптардың әр қайсысы екінші Тарапқа қызметтік ақпарат пен коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты (ҚАКҚҚА) беруге (осы шарттың 3-бабында қарастырылғандай), сондай-ақ алынған ҚАКҚҚА-ға қатысты құпиялық режимін сақтауға келіскендіктен, **«КаР-Тел» ЖШС өткізетін сатып алуға (жабдықтарды, бағдарламалық қамсыздандырулар мен қызметтерді) байланысты.** Осы арқылы Тараптар, осы Шарт шеңберінде Алушы Тараптың келесі міндеттерді қабылдайтынына келісті:

- Осы Шарт шеңберінде алынған ҚАКҚҚА-ны қорғау жөнінде жеткілікті мөлшерде орынды іс-шараларды атқаруға, оны «Жеке кәсіпкерлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында бекітілген талаптарға сай қорғау режимін қамтамасыз етуге (Бұл ретте, Алушы Тарап алынған ҚАКҚҚА қорғау жөніндегі іс-шараларды, Алушы Тараптың өз ҚАКҚҚА-сын қорғау үшін іске асыратын көлемінен кем емес көлемде жүзеге асыруға міндетті).
- Ашушы Тараптан алынған ҚАКҚҚА-ны (немесе оның кез келген бөлігін) өзінің Жобаға қатысы жоқ мүддесінде, Ашушы Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз қолданбауға.
- Ашушы Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз ҚАКҚҚА-ты толықтай немесе ішінара үшінші тұлғаларға ашпауға, соның ішінде Алушы Тарап қайта құрылған немесе жойылған жағдайда да.

- Жобаға қатысы жоқ жағдайларда, көшірмесін, компиляциясын, аудармасын немесе ақпараттың басқа да құжаттамасын жасамауға, сондай-ақ кез келген ақпараттық ресурсын жасауға («Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңында анықталғандай).

Осы Шарт шеңберінде ҚАКҚҚА-ны қорғау бойынша жеткілікті мөлшердегі орынды іс-шаралар дегеніміз, Ашушы Тараптың келісімінсіз ҚАКҚҚА-ға үшінші тұлғалардың қол жеткізу мүмкіндігін болдырмайтын, сондай-ақ ҚАКҚҚА-ның құпиялық режимін бұзбай оны қолдану және беру мүмкіндігін қамтамасыз ететін іс-шаралар.

Ашушы Тарап, Алушы Тараптың берілген ҚАКҚҚА-ны қорғауға орнатқан режимін қадағалауға құқылы. Осы Шарт шеңберінде, үшінші тұлғаларға бақылау кеңесінің, тексеру комиссиясының мүшелері, компанияның дара қатысушысы, сонымен қатар өз қызметтік құзыреті шеңберінде өз еңбек міндеттемесін орындау үшін ҚАКҚҚА-ны алатын, Алушы Тараптың жұмысшылары жатпайды (ары қарай «**Өкілдер**»). Алушы Тарап, ҚАКҚҚА-ға қол жеткізетін өз Өкілдеріне осы шарттың бар екені туралы ақпаратты жеткізуі, сонымен қатар олардың ҚАКҚҚА-ның құпиялығын қорғау және жарыяламау талаптарын сақтауын қамтамасыз етуге міндетті. Алушы Тараптың Өкілдері ҚАКҚҚА-ны үшінші тұлғаға ашқан жағдайда, олардың әрекеті үшін Алушы Тарап жауапты болады. Осы Шарт талаптарына сай, Алушы Тарап Алушы Тараптың немесе оның өкілдерінің ҚАКҚҚА-ны ашқаны туралы, немесе ҚАКҚҚА-ны ашу фактісі немесе ашу, заңсыз алу немесе заңсыз қолдану қауіптері белгілі болғаны туралы Ашушы Тарапқа бірден хабарлауға міндетті.

2. Осы арқылы Тараптар, ҚАКҚҚА-ны Тараптардың тиісті түрдегі уәкілеттілігі бар өкілдері ғана бере алатынына, қабылдай алатынына және қолдана алатынына келіседі.

3. Осы Шартта қолданылатын «Қызметтік ақпарат және коммерциялық құпияны құрайтын ақпарат (ҚАКҚҚА)» термині заңды негізде еркін қол жеткізе алмайтын, және Ашушы Тарап оларға қатысты коммерциялық құпия режимін енгізген үшінші тұлғаларға белгісіз болғандықтан, шын мәнінде немесе ықтимал коммерциялық құндылығы бар кез келген ғылыми техникалық, технологиялық, өндірістік, заңдық, қаржыэкономикалық немесе басқа ақпаратты, соның ішінде өндіріс құпияларын (ноу-хау) қамтитын ақпаратты (соның ішінде Ашушы Тарап, оның құрылтайшылары, акционерлері, филиалдары, өкілдіктері, еншілес және тәуелді қоғамдары туралы ақпаратты; Ашушы Тараптың клиенттері мен контрагенттері туралы ақпаратты; сонымен қатар Тараптар арасында алмасқан хаттар мен келіссөз мәні болып табылатын және ауызша, баспаша немесе электронды түрде берілетін басқа да ақпаратты) білдіреді.

4. Осы Шарттың 3-бабының ережесіне қарамастан, осы Шарт мақсаттары үшін төмендегі ақпарат ҚАКҚҚА деп есептелмейді:

а) жалпыға қол жетімді болып табылатын немесе болған ақпарат, бірақ Алушы Тараптың осы Шартты бұзуы нәтижесінде емес;

ә) Алушы Тараптың дербес зерттеуінің, жүйелі бақылауының немесе Ашушы Тараптан алынған ҚАКҚҚА-ны қолданбай жүзеге асырған басқа да әрекетінің нәтижесінде Алушы Тарапқа белгілі болған ақпарат;

б) осы Шарт талаптарымен Ашушы Тарап бергенге дейін Алушы Тарапта болған ақпарат, ҚАКҚҚА-ны қорғау бойынша қандай-да бір міндеттемелердің бұзылмады деп санауына жеткілікті негізі болған жағдайда;

в) Ашушы Тарап жариялауға жазбаша рұқсат берген ақпарат;

г) Қазақстан Республикасының заңнамасына сай ҚАКҚҚА болуы мүмкін емес ақпарат.

5. ҚАКҚҚА берген Ашушы Тараптың талабы бойынша, ҚАКҚҚА-ның барлық түпнұсқалары мен көшірмелерін Алушы Тарап бірден қайтаруы тиіс. Жоғарыда аталған жолмен талап етілмеген кез келген ҚАКҚҚА-ны Алушы Тарап осы Шарттың талаптарын сақтай отырып сақтайды немесе Ашушы Тараптың алдын ала келісімі бойынша жояды. Қате түсіндірудің алдын алу үшін, осы

арқылы Тараптар, құжатталған ҚАКҚҚА-ны Алушы Тараптың жоюы, Алушы Тарапты осы Шартқа байланысты өз міндеттемелерін орындаудан босатпайтынына келісті.

6. Егер Алушы Тарап немесе оның Өкілдері заң бойынша қандай-да бір ақпаратты ҚР мемлекеттік билік органдарына, немесе шет мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарына, сондай-ақ ҚАКҚҚА-ны ашуды уәкілетті заңнамамен талап ете алатын басқа да органдарға ашуға міндетті болса, Алушы Тарап осы факт туралы Алушы Тарапқа бірден жазбаша хабарлауы тиіс. Бұл ретте Алушы Тарапқа тиісті түрде хабарласа, осы бапқа сай, ҚАКҚҚА-ны ашқан Алушы Тарап ҚАКҚҚА-ны жарияламау туралы өз міндеттемесін бұзды деп саналмайды. Осылай ашылған жағдайда, Алушы Тарап ашылған ҚАКҚҚА-ның құпиялығын сақтау үшін, қолынан келетіннің бәрін жасайды.

7. Алушы Тарапқа берілген, құжатталған түрдегі барлық ҚАКҚҚА («Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңында анықталған жекелеген құжаттар, құжаттардың жеке шоғыры, ақпараттық жүйелердегі құжаттар мен құжаттар шоғыры) Алушы Тараптың меншігі.

8. Қате түсінудің алдын алу үшін, осы Шарттың ешбір ережесі ҚАКҚҚА құрамына кіретін ақпараттың дәлдігіне, дұрыстығына немесе толықтығына қатысты, Алушы Тараптың міндеттемесін немесе кепілін білдірмейді. Қабылдаушы Тараптың немесе осы Шарттың талаптарына сай берілуі мүмкін басқа тұлғалардың ҚАКҚҚА-ны қолдану нәтижесі үшін Алушы Тарап жауапты болмайды.

9. Осы Шарт 5 жылға жасалды – оған Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған күннен бастап, егер Жобаға байланысты кейінгі келісімдерде Тараптар басқа келісімді тікелей бекітпесе. Тараптардың келісімі бойынша Шарттың жарамдылық мерзімі ұзартылуы мүмкін.

10. Осы Шарт Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сай реттеледі және орындалуы, әрі түсіндірілуі тиіс.

11. Осы Шарт онда жазылған ережелерге қатысты Тараптар арасындағы келісіммен толық келісетінін білдіреді және бұрын болған, бастапқы, жазбаша, сондай-ақ ауызша келісімдер мен уағдаларды алмастырады.

12. Осы Шарт және оның кез келген ережелерін Тараптар жазбаша келісім бойынша өзгерте, толықтыра немесе тоқтата алады. Осы Шартқа енгізілген барлық түзетулер, толықтырулар, өзгерістер мен қосымшалар, егер олар жазбаша түрде жасалса және оған Тараптардың өкілдері қол қойса, жарамды болады және осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

13. Алушы Тарап осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, Алушы Тарап осы бұзуға байланысты шеккен зиянын толық көлемде және айрылып қалған түсімін есептей отырып, Алушы Тараптан талап етуге құқылы.

14. Осы Шарт қандай-да бір авторлық құқық нысандарын, патенттерді, тіркелген үлгілерді, тіркелмеген үлгілерді, тауарлық белгілер мен қызмет көрсету белгілерін, немесе Алушы Тараптың зияткерлік қызметінің ҚАКҚҚА-да болуы немесе жаңғыртылуы мүмкін қандай-да бір құқықтарын Алушы Тарапқа беруді немесе пайдасына шешуді білдірмейді.

15. Осы арқылы Тараптар екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз осы Шарттан шығатын өз құқықтары мен міндеттемелерін біреуге қайта бермеуге немесе қандай-да бір басқа жолмен бермеуге міндеттеледі.

16. Қате түсінудің алдын алу үшін, осы Шарттың бірде-бір ережесі Алушы Тараптың қандай-да бір ҚАКҚҚА-ны ашу міндетін, немесе қандай-да бір келісімдер жасауын, соның ішінде бірақ онымен шектелмей, Жобаға байланысты келісімдерді жасау міндетін білдірмейді.

17. Егер осы Шарттың қандай-да бір ережесі жарамсыз деп танылса, мұндай жарамсыздық осы Шарттың басқа ережелерінің жарамдылығына, немесе тұтас Шартқа әсер етпейді.

18. Осы Шартқа байланысты немесе осы Шарттан туындаған даулар келіссөздер арқылы шешіледі. Дау туындаған сәттен бастап, 30 (отыз) күн ішінде келіссөздер арқылы келісімге келмеген жағдайда, мұндай даулар Қазақстан Республикасының соттарында Қазақстан Республикасының процессуалдық заңнамасына сай шешілуі тиіс.

19. ЖОҒАРЫДА ЖАЗЫЛҒАНДАРДЫ РАСТАУ ҮШІН Тараптар, осы Шарттың 2 (екі) данасына, бірдей заңдық күші бар, әр Тарапқа бір-бірден, жоғарыда көрсетілген жерде және жоғарыда көрсетілген орында қол қойды.

_____ «_____»	«КаР-ТЕЛ» ЖШС
_____ к.	010010, Астана қаласы, Алматы ауданы, Қ.Жалайыри көшесі, 2-үй
_____ көш.	БСН 980540000397
ЖСН _____	БСК IRTYKZKA
IBAN _____	IBAN KZ 719650000072233368
БСН _____	“ForteBank” АҚ, Алматы қ.
БСК _____	
_____	Сатып алу және логистика қызметінің жетекшісі
Бас директор	
_____	Абдықалықов А.К.
_____	_____
_____ М.П.	_____ М.П.